



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№43

11.02.2022 ж.

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ерекше білім беруге қажеттілігі
бар балаларды инклюзивті
топтарға енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Қаулысына, «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021-2022 оқу жылының ақпан айынан бастап ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті топтар қосымшаға сәйкес келесі мектепке дейінгі ұйымдарда ашылып, жағдай жасалсын:

№1 «Бәйтерек» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
3 бала;

№5 «Ақбота» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
2 бала;

№9 «Нұршашу» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
3 бала;

№14 «Ақбөпе» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№17 «Ер-Төстік» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№21 «Гүлдер» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№22 «Әлем» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
1 бала;

№24 «Айналайын» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
2 бала;

№32 «Балдәурен» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар
7 бала;

№37 «Арман» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

2 бала;

№38 «Шаттық» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

2 бала;

№56 «Береке» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

1 бала;

№65 «Бал Бала» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

1 бала;

№66 «Толағай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

14 бала;

№69 «Еркем-ай» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

7 бала;

№75 «Балалық шақ» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар 1 бала;

№93 «Айгөлек» балабақшасында ерекше білім беруге қажеттілігі бар

2 бала.

2. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес инклюзивтік топтар үшін жағдай жасасын және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қажетті психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүзеге асыру үшін штат кестесіне маман бірліктерін енгізсін.

3. Қаржы-экономикалық бөлімі штат кестесін қарастырсын және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына сәйкес тиісті қосымша ақылар мен үстемақылар көзделсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және құқықтық сараптау бөлімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивтік топтардың ашылуына байланысты жоғарыда аталған мектепке дейінгі ұйымдардың Жарғысына қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары Н.Еламановқа және басшы орынбасарының міндетін атқарушы А.Аманкельдиеваға жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласының
Білім басқармасы басшысы**



Қ. Сенғазыев